

# Тілдердің сөздік құрамы

Лексика көне гректің lexiros(сөздік) деген сөзінен шыққан. Ол дүние жүзі халықтарына ортақ термин. Бұл термин бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығы деген ұғымды білдіреді, оны сөздік құрам деп атайды. Кейде бұл термин жазушының немесе жеке шығарманың тілі дегенді де білдіреді, мәселен, Сәбит Оспановтың лексикасы, Абай шығармаларының лексикасы және т.б. Сондай-ақ, сөзге шебер, тілі орамды адамдарды да лексикасы бай адам екен деп айтады.

Лексиканы, яғни сөз байлығын тексеретін ғылымды- **лексикология**, сөз мағынасын тексеретін ғылымды- **семасиология**, ал сөздердің шығу төрінен тексеретін ғылымды **этимология** дейді.

Белгілі бір тілдегі сөздердің барлық жиынтығы сол тілдің сөздік құрамын немесе лексикасын құрайды. Сөздік құрамға тілдің күллі сөз байлығы енеді.

Сөздік құрамның ең басты және тұрақты бөлшегі – негізгі сөздік қор. Сөздік құраммен салыстырғанда, негізгі сөздік қордың көлемі шағын болады, бірақ ол тілдегі түбірлік сөздердің бәрін қамтиды, туынды сөздердің жасалуына ұйытқы болады

Негізгі сөздік қор – бүкіл лексикалық байлықтың басты тұлғасы , негізгі ұйытқысы. Қазақ тілінің негізгі сөздік қорына, мысалы, мынадай сөздер енеді. 1. Табиғат құбылыстарының атаудары : жер, су, өзен, көл, тас, жел, ай, күн, және т.б. 2. Еңбек процесіне байланысты сөздер: егу, ору, жырту, кесу, пісіру, жағу және т.б. 3. Еңбек құралдарының аттары: орақ, күрек, айыр, біз, пышақ және т.б. 4. Мал атаулары: жылқы, ат, байтал, құлын, өгіз, түйе, бота, қой, ешкі, қозы және т.б. 5. Аң-құс атаулары: түлкі, қоян, қасқыр, аю, ққарға, бүркіт, тоты, үйрек, тауық және т. б. 6. Анатомиялық атаулар: бас, қол, аяқ, көз, мұрын, ауыз және т.б.

- Негізгі сөздік қордың аумағы, әрине, осы сөздермен шектелмейді, оның құрамына осыларға ұқсас басқада көптеген сөздер енеді.
- Негізгі сөздік қор талай замандар бойында өмір сүреді де , тұрақтылық қасиетімен сипатталады. Негізгі сөздік қор уақыт өткен сайын , әрине, өзгереді, бірақ оның өзгеруі, тілдің сөздік құрамына қарағанда, баяу болады. Ол замандар бойында ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады да, осының нәтижесінде негізгі сөздік қорды әр ұрпақтың өкілдерінің пайдалана отырып, қатынас жасауына мүмкіндік туады.

Мағыналары бір-біріне жақын, өзара мәндес сөздер синонимдер деп аталады. өз ара мәндес сөздерден: синонимдік қатар құралады. Синонимдік қатардың құамына екі, кейде оданда көп сөздер енеді. Мысалы, 1. Адам-кісі; 2. Күш-қуат-әл-дәрмен; 3. Қадірлі –құрметті-ардақты-аяулы-қымбатты және т.б.

- Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында бар.  
Мысалы:
- Зат есімдерден болған синонимдер: өң-түр-түс-келбет-пішін-ажар-мүсін-көрік-әлпет-кескін-рең-дидар-шырай; уақыт-мезгіл; мерзім-кез; сабыр-төзім-шыдам және т.б.
- Сын есімдерден болған синонимдер: салмақты – сабырлы – байыпты – байсалды – ұстамды; сұлу – әдемі – көркем – көрікті – ажарлы – кескінді – келбетті және т.б.
- Етістіктерден болған синонимдер: сауығу-жазылу-айығу; жолығу-кездесу-ұшырасу; жорамалдау-долбарлау-тұспалдау-болжау-межелееу; амандасу-сәлемдесу-амандасу; әзілдесу-қалжыңдасу және т.б.
- Үстеулерден болған синонимдер: таяуда-жуырда-жақында-жуықта; әрең-әзер-зорға; тез-жылдам-шапшаң-лезде-сәтте және т.б.



- Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер антонимдер деп аталады. Мысалы: ескі – жаңа, ауыр – жеңіл, алыс – жақын, ақ – қара, ащы – тұщы, бар – жоқ т.б.

Сөздік құрам ұлттың өзіне тән кәсібі мен қоғамдық, әлеуметтік тіршілігін тұтас сипаттайды. Ұлттың рухани және материалдық мәдениеті неғұрлым бай болса, оны жеткізіп, суреттейтін сөздер де соншалықты көп әрі күрделі болады. Негізінде ұлт тіліндегі барлық сөздер реестрге тіркеліп, түсіндірме сөздікке енеді. Мысалы, 20 ғасырдың соңғы ширегінде жарық көрген 10 томдық Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне 70 мыңға жуық лексикалық және фразеологиялық бірліктер енген. Бірақ мұнда қазақ тіліндегі барлық сөздер қамтылмаған. Сөздік құрамыға жалпыхалықтық лексикамен қатар кірме сөздер, терминдер, кәсіби сөздер, диалектілер, жаргондар, әдеби және ауызекі тіл лексикасы, т.б. енеді.

- Сөздік құрамыда күнделікті жиі (актив) қолданылатын, сол тілде сөйлеушілерге түсінікті болып келетін ортақ сөздер, сондай-ақ сирек (пассив) қолданыстағы, барлығына бірдей түсінікті емес терминдер, көнерген сөздер, диалектілер, жаңа сөздер бар. Осы тұрғыдан Сөздік құрамдағы сөздер жалпыхалықтық (негізгі сөздік қорға енетіндер) және жалпыхалықтық емес (пассив қолданыстағы) лексика болып екіге бөлінеді. Тілдің сөздік құрамының ең басты әрі тұрақты бөлшегі – негізгі сөздік қор. Сөздік құрам негізгі сөздік қорға қарағанда өзгергіш келеді, тілдің тарихи даму кезеңінде өзгеріп отырады

Сөздік құрамыдағы бірліктер ұдайы өзгеріске ұшырап, қоғамдағы түрлі әлеум. жағдайларға байланысты кей сөздер қолданыстан шығып отырған. Мысалы, комсомол, пионер, Ильич шамы, т.б. Керісінше архаизмдердің қайта қолданысқа енуі де кездеседі: әкім, мырза, ханым, т.б. Қоғамның дамуы мен ғылыми-техникалық өзгерістерге байланысты сөздік құрамы үнемі толығып, дамып, жаңарып отырады.